

**Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық
білім бөлімі «Жалпы білім беретін №39 орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Атырау облысы білім беру басқармасының
Атырау қалалық білім бөлімі
«Жалпы білім беретін №39 орта мектеп »
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Атырау – 2024

Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытынды

Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімі «Жалпы білім беретін №39 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Атырау қаласы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастырды бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімі «№39 орта мектеп» КММ-де өзін-өзі бағалау 1 наурыз мен 31 наурыз аралығында жүргізілсін.

2. Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия құрылып, құрамы төмендегідей бекітілсін:

- 1) А.О.Қуанбаева – мектеп директоры, комиссия төрағасы;
- 2) А.К.Калиева – мектеп директорының оқу-жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 3) Б.А.Капанова – мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 4) Ж.Т.Баймұханова – мектеп директорының бастауыш сыныптар бойынша оқу-жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 5) К.М.Нуркасімова – мектеп директорының бейіндік оқыту, ғылыми әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 6) Б.Ж.Дүйсаліева – мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
- 7) А.К.Тойлыбай – бастауыш сынып мұғалімі мұғалімі, комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімі «№39 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, қорытынды тұжырым жасайды.

| 1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет. | |
|--|---|
| 1) | Білім беру ұйымының толық атауы. Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қалалық білім бөлімі «Жалпы білім беретін №39 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі |
| 2) | білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). 060027, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайыршақты ауылдық округі, Томарлы ауылы, Жұлдыз тұрғын үй алабы, Ғаббас Муханбедьяров көшесі, 29 құрылыс |
| 3) | заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). Телефон: 87024020267, kuanbeva196767@mail.ru Сайты: Тікелей сілтеме. Instagram: 39school_zhuldyz Facebook: https://www.Facebook.com/proflie Электронды пошта: 39 mektep19@mail.ru |
| 4) | Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә. лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Мектеп директоры Куанбаева Айман Олжағалиевна, ұялы телефоны: 87024020267 - Атырау облысы Атырау қалалық білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған. - Атырау қалалық білім бөлімінің 2022 жылғы №432 бұйрық негізінде «№39 орта мектеп» мемлекеттік мекемесінің директоры болып тағайындалды. Бұйрық көшірмелері қоса берілді. |
| 5) | құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2024 жылғы 29 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 09.05.2019 жыл БСН-190940006216 Құрылтайшысы: «Атырау облысы әкімдігі» Кәсіпорын жарғысы Атырау облысы қаржы басқармасының 31.12.2020 жылғы №162 бұйрығымен бекітілген. |
| 6) | рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 07.12.2021 жылы №KZ210003657530 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарлама «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. - Бастауыш білім беру - Негізгі орта білім беру - Жалпы орта білім беру көрсетілген. |

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар.

1). Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыстық оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылған.

МАД тобы 2021-2022 оқу жылында 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ҮОЖ (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізі туралы 1-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 12 мамыр 2020 жылғы №195 бұйрығымен бекітілген) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ҮОБ-на (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы)

2021-2022 оқу жылында бастауыш білім беруге 1,2,3,4- сыныптар үшін «ҚР-ғы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 11,12-қосымшасымен бекітілген төмендетілген оқу жүктемесімен берілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасақталды.

«2021-2022 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты» басшылыққа алынды.

Жалпы білім беретін №39 орта мектебінің 2021-2022 оқу жылына арналған 5-11 сыныптардағы жұмыстық оқу жоспарында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрығы), ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 27 наурыздағы №125 бұйрығы 5-9-сыныптарда 16-қосымшасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 10-сыныптарда жаңартылған мазмұндағы 30,31-қосымшалары, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2021 жылғы 27 наурыздағы №125 бұйрығына 11-сыныптарда жаңартылған мазмұндағы 99,100-қосымшалары басшылыққа алынып, оқу жоспарлары жасақталды.

2022-2023 оқу жылында (1-оқу тоқсанында) ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты» басшылыққа алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы «ҚР-ғы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11,12-қосымша, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы

12 тамыздағы №365 бұйрығына 11,12-қосымшасымен бекітілген төмендетілген оқу жүктемесімен «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары» негізінде жасақталды.
5-9-сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 16-қосымшамен бекітілген

төмендетілген оқу жүктемесімен енгізу туралы бұйрығы басшылыққа алынды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына **10-11-сыныптарда** 85,86 қосымшасы негізінде жасақталды.

2022-2023 оқу жылының 2,3,4-оқу тоқсанында 1,2,3,4-сыныптарда «ҚР-ғы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11-қосымша, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8 қосымшамен бекітілген төмендетілген оқу жүктемесімен берілген үлгілік оқу жоспарлар негізінде жасақталды.

5-9-сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 2012 жылғы, 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16-қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13- қосымшасы негізінде жасақталды.

10-сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 21-қосымша, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 18-қосымша негізінде жасақталды.

11-сыныптарда 2012 жылғы, 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 11-сыныптарда 85,86 қосымшасы негізінде жасақталды

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып, бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер 3 жылдағы кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, автоматтандырылған (kundelik.kz) бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2023-2024 оқу жылында 1,2,3,4-сыныптарда ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты» басшылыққа алынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістер) «ҚР-дағы бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11-қосымша, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына (өзгертілген Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 6-қосымша) төмендетілген оқу жүктемесімен берілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде жасақталды.

5-9-сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен 16-қосымшасы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 13-қосымшасы негізінде жасақталды.

10-11-сыныптарда ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 21-қосымша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 10,11-сыныптарда 11,1 қосымшалары негізінде жасақталды.

Жұмыстық оқу жоспарлары мектеп сайтында жарияланды.


Тікелей сілтеме: <https://39-mektep.edu.kz/wp-login.php>

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз № 348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 28,29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41,42-тармақ, 4-қосымша 3-тарау, 31,32-тармақ, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына сәйкес келеді.

2). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша (бұдан әрі- ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру. Талдау нәтижелері: Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген.

1. №39 орта мектебі бойынша оқушылардың саны

| Оқу жылы | «1-4» | | Бала саны | | «5-9» | бала саны | «10-11» | Бала саны | «1-11» | бала саны | | Барлық бала саны |
|-----------|-------|------|-----------|------|-------|-----------|---------|-----------|--------|-----------|------|------------------|
| | қазақ | орыс | қазақ | орыс | | | | | | қазақ | орыс | |
| 2021-2022 | 43 | 7 | 1145 | 166 | 37 | 1062 | 5 | 125 | 92 | 2332 | 166 | 2498 |
| 2022-2023 | 44 | 7 | 1228 | 162 | 42 | 1186 | 6 | 126 | 99 | 2537 | 162 | 2699 |
| 2023-2024 | 44 | 5 | 1190 | 127 | 44 | 1175 | 6 | 143 | 99 | 2508 | 127 | 2635 |



2021-2022 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 92 сынып жинағы, 2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 99 сынып жинағы, 2023-2024 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 99 сынып жинағы. Инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген.

2021-2022 оқу жылы инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 27 қарашадағы №496с (бұйрығы), "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрығымен бекітілген және ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығының өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен бекітілген ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылды. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шараларының кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығы басшылыққа алынды.

2022-2023 оқу жылы инвариантты компонент пәндері оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, өзгерістер мен толықтырулар «Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылды. «Ана тілі» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 (бұйрығы), сәйкес оқытылды." Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылды. **5-9-сыныптарда** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 (бұйрығы), сәйкес оқытылды. **10-11-сыныптарда** жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттары "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен (07.03.2019ж №105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылды.

Пәндер бойынша оқу бағдаламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылып, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырылып, педагогикалық кеңесте бекітілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалған. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстар орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларда анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізіліп, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игерген.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-24-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 23-37-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 23-28-тармаққа сәйкес келеді.

3). Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан – жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Жасөспірімдерді өмірге дайындау, олардың жеке тұлғалық даму және қалыптасу жолында жетістіктерге жету үшін жүргізілетін тәрбие жұмыстарының алдын ала 2021-2022, 2022-2023, 2023-2023 жылдардағы анықталатын нәтижелері:

Тәрбие бағытында ұлттық құндылықтарға негізделген ата-аналармен мектепшілік семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, «Ашық есік» күндері өткізілген. Атап айтсақ, 1 қыркүйек – Білім күніне орай 1-ші сынып оқушыларына арналған «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиын ұйымдастырылды. Ал, 2-11 сыныптар арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаттары, ашық сабақтар өткізілді. 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тілім барда айтылар сөз ойдағы» атты ашық сабақтар мен сынып сағаттары өткізілді. Отбасы күні мерекесіне орай «Отбасы бақыт-мекені» тақырыбында онкүндік ұйымдастырылды. Онкүндік барысында «Отбасы – тәрбие басы, мектеп – тәрбие жаршысы», «Мен және менің отбасым», «Отбасым – байлығым» тақырыптарында дөңгелек үстелдер, сынып сағаттар, бейнероликтер өткізілді. «Отбасы – тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің негізі» 1-2 сынып ата-аналарының қатысуымен және «Бала тәрбиесі отбасы мен мектептің ажырамас бөлшегі» тақырыбында 5-6 сынып ата-аналарының қатысуымен семинар-тренинг өткізілді. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағытында «Абайлаңыз балалар!» Республикалық акциясында қауіпсіздік ережелерін насихаттау мақсатында барлық сыныптарда сынып сағаттары ұйымдастырылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында аумақтық инспекормен бірге алдын-алу жиындары өткізілді. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастыру және тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасына сай бағыттар бойынша атқарылды. Мектеп оқушыларының пәндік үйірме, спорттық секцияларға оқушылардың қамтылуы, жолда жүру ережесін сақтау, салауатты өмір салты жұмыстарының сандық көрсеткіші көрсетілген. 2021-2022 оқу жылында Қамқоршылық кеңесі құрылды. Кеңестің мүшелері жазбаша келісіммен сайланып, кеңестің төрағасы, мүшелері кеңесте тағайындалды. Қазіргі уақытта кеңес отырысы өткізіліп, жұмысы жалғасуда. 2021-2022 оқу жылынан білім алушылардың мектептегі «Жұлдыз» өзін-өзі басқару ұйымы жұмысын атқаруда. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі аясында мектепшілік «Жас ұлан» бірлестігі жұмыс атқарған. Республикалық Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жетекшісі бекітілген. 2021-2022 жылы 65 оқушы, 2022-2023 оқу жылында «Жас ұлан» ұйымына - 74 оқушы, 2023-2024 оқу жылында 81 оқушы қамтылған. Мектебімізде 16 қараша-10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республикалық науқанға байланысты мектепшілік іс-шаралар өткізілді. Жоспарға сәйкес сынып жетекшілер арасынан «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шыққа құқылы» бірінғай сынып сағаттары, мектеп психологтары «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналар арасында семинар тренингтер өткізілді. Атырау облыстық білім беру басқармасының 2020 жылғы 19 ақпандағы №03-04-01-12/543 хатына сәйкес мектебімізде «Ақиқат» дебат клубы құрылды. Мақсаты: заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буын қалыптастыру дебат ойындарын насихаттау, ұйымдастыру арқылы оқушылардың пікірсайыс ойынына деген қызығушыларын арттыру. Атырау пікірсайыс Орталығының ұйымдастыруымен және Жеті Жарғы қоғамдық қорының қолдауымен жас буындар арасында Open Quryltai CUP облыстық пікірсайыс турнирінде «Ақиқат» дебат клубы мүшелерінің қатысып жүзделі ІІІ орын және үздік спикер наминациясын иеленді. Қатира Дүтбаеваның 95 жылдық мерейтойына орай «ҰСТАЗ CUP» облыстық пікірсайыс турнирінде алғыс хатпен марапатталды.

Ұлттық тәрбие аясында халықтардың мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы, мемлекеттік тіл, мемлекеттік рәміздер, өлкетану бағытында саяхат, экскурсиялар ұйымдастыру, тарихи-мәдени мұралар бойынша, өзге де тәрбие саласына қатысты шаралар жасалған. Оқу жылдарында тәрбиелік іс-шаралар жүргізіліп, бекітілген сынып жетекшілері мен педагогтар арқылы жүзеге асырылып отырған. Мектептегі мониторинг бойынша №39 орта мектептің әлеуметтік картасына сәйкес 2021-

2022,2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында төмендегідей оқушылар әлеуметтік тізімде тіркелді:

| Оқу жылдары | Мектеп бойынша тіркелген оқушы саны | Қамқоршылық тағы оқушы саны | Патронаттағы оқушы саны | Көп балалы отбасы саны | Аз қамтылған отбасы саны | Толық емес отбасы саны |
|-------------|-------------------------------------|-----------------------------|-------------------------|------------------------|--------------------------|------------------------|
| 2021-2022 | 315 | - | - | 186 | 114 | 15 |
| 2022-2023 | 272 | - | - | 169 | 83 | 20 |
| 2023-2024 | 240 | - | - | 155 | 64 | 21 |

Сынып жектешілер, психолог және әлеуметтік педагогтармен бірлесе отырып үйден оқытын оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру, актілеу жұмысы жүргізілген. Сабаққа қатыспаға оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Мектеп әкімшілігі және психологтардың көмегімен оқушылардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік-психологиялық қызметі үнемі қадағалаланып отырады.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие құқықтық тәрбие бойынша 2021-2022 оқу жылында «Жол қозғалысының жас инспекторы» қалалық слетіне қатысып жүлделі I дәрежелі дипломмен марапатталған.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары әрбір 2021-2022,2022-2023 оқу жылдарында айқындалған, ағымдағы жылғы бағыттар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; Рухани-танымдық тәрбие; Ұлттық тәрбие; Отбасылық тәрбие; Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша атқарылууда. Мектепте балаларды интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан дамыту, оның ішінде әдептілік, сыйайылық, сыйластық, жанашырлық т.б. өзге де шаралар жоспарда қамтылып жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілген.

2023-2024 оқу жылынан «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылып, жұмысы жүргізілуде. Мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мектеп пен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл жағдайларды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылынан іске асыру жөніндегі Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023- 2026 жылдарға арналған жоспарымен жүргізіліп келеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысы жоспарлары мектеп сайтында жариялады.

Тікелей сілтеме: <https://39-mektep.edu.kz/wp-login.php>

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2, 3, 4-қосымша 1-тарау 3– тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 12, 14, 15– тармақ, 4-қосымша 2-тарау 15, 16– тармаққа сәйкес келеді

4). Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру.

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс


жұмыстардың кестесі жасалған. Білім алушылармен қазақстандық патриотизм сезім, құқықтық және азаматтық сана-сезім, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығы, парасаттылық пен адалдық, толеранттылық, еңбекке деген құрмет, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғыл мен әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алу, адамгершілік келбеті, адамгершілік сана, құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық, отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік, еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік, эстетикалық сана, эстетикалық талғам, зияткерлік ұстаным, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығы, ақпараттық мәдениет, салауатты өмір салты, дене шынықтыру мен спортпен дене бітімін жетілдіру, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау бағытында іс-шаралар жоспарланып жүргізілген. Білім алушылар қалалық, облыстық, республикалық конкурстарға қатысып оқушылар өзіндік жұмыспен айналысқан. Ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу жүргізілген. Каникул күндерінде отбасылық сайыстар, спорттық жарыстар, патриоттық әндер байқауы өткізілген. Пән мұғалімдері өзара тәрбие сағаттарына оқушылардың тәртібін бақылау, тәжірибе алмасу мақсатында қатысып отырған, талдау жасалған.

Үйірмелер мектепшілік, мектептен тыс жүргізіледі. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Спорттық секцияларға 953 ке жуық оқушылар қатысады. Мектеп бойынша 9 үйірме жұмыс жасайды. 151 оқушы қамтылған. Мысалы: пікірсайыс, спорттық секциялар, ұлттық ойындармен қамтамасыз етілген. Мектептен тыс үйірмелерге 800 ге жуық оқушы қатысады. Атап айтар болсақ, би үйірмесі, домбыра, сурет, күрес, шахмат, футбол, колөнер т.б

Спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері сайтқа жүктеледі.

Тікелей сілтеме:

Тікелей сілтеме: <https://39-mektep.edu.kz/wp-login.php>



Оқушы жетістіктері (Облыстық, Республикалық, Халықаралық)

Қорытынды: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 3– тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 16–тармақ, 4-қосымша 2-тарау 17– тармаққа сәйкес келеді.

5). Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі).

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп жаратылыстану-математикалық бағыт және қоғамдық-гуманитарлық бағытта бейімделіп оқытылған. Жұмыстық оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып бекітілген. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген. №1 Педагогикалық кеңесте қаралған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында 10-11 сынып оқушылардың қажеттіліктеріне қарай қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша жүргізілген. 2021-2022 оқу жылында 10-сыныпта, ҚР 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 99 қосымша, ҚР 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 30 қосымшалар негізінде, жаңартылған мазмұнда білім алды. 11 «А»-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағытта тереңдетілген деңгей 3 сағаттан 2 пән «дүниежүзі тарихы», «география» оқытылды. Стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән «физика», «химия» пәндері оқытылды.

2022-2023 оқу жылының 1- тоқсанында 10-сыныптар қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта білім алды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы Оқу-ағарту министрінің 12 тамыздағы №335 бұйрығының 85 қосымшасы негізінде жасақталды. Қалалық білім бөлімінің айтуымен 2,3,4-тоқсандарда оқу жоспары өзгертілді. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 18- қосымшасы негізінде жасақталды. 10 «А» қоғамдық-гуманитарлық бағытта тереңдетілген деңгей 2 сағаттан 2 пән «дүниежүзі тарихы» «география», 10 «Ә»-сыныбында «шетел тілі» (ағылшын)), «дүниежүзі тарихы» оқытылды. 10 «А»-сыныбы стандарттық деңгей 2 сағаттан 2 пән «физика», «биология», 10 «Ә»-сыныбы «физика», «кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқытылды. 11-сыныптар бойынша 1,2,3,4-оқу тоқсанындарында ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85,86 қосымшалары негізінде оқытылды. Оқу жылдарында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша білім алды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 4-қосымша 2-тарау 27,28-тармаққа сәйкес келеді.

б). Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар оқытылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың денсаулығына байланысты ұдайы немесе уақытша қиындық көруі ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындысы және психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде денсаулық жағдайына байланысты үйде және мектепте бейімделген бағдарламалар бойынша оқытылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар мектепте оқитын білім алушылар психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысы негізінде жалпы білім беретін, бейімделген және жеке оқу бағдарламаларымен оқытылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды есепке ала отырып жеке, бейімделген және жалпы білім беру оқу бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарлары жасалып, бекітіліп, сабақ кестесі әзірленіп, оқытылған. Сабақ беретін пән мұғалімдері инклюзивті бағытта біліктілік арттыру курсынан өткізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. Ерекше білім алатын оқушылар үйірмелерге толық тартылған.

| |
|---|
